



2026 жылдың 01 ақпанға


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2026 жылдың 1 ақпанға елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі **42 980,4 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 61%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі **1 647,5 млрд теңге**, немесе жалпы несиелік портфельінің **3,8%** құрады (2026 жылғы 1 қаңтарға – 43 455,5 млрд теңге немесе 6%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 1 119,1 млрд теңге немесе 68% (01.01.2026 ж. – 1 071,6 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 528,3 млрд теңге немесе 32% (01.01.2026 ж. – 503,6 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.01.2026 ж. – 0,2 млрд теңге) келеді.

01.01.2026 ж.
NPL құрылымы



01.02.2026 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ келеді – 535,6 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,1%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– «KASPI BANK» АҚ – 457,9 млрд теңге (несие портфелінің 6%);

– «Bereke Bank АҚ (Leshan Bank LLC (Public) ЕБ)» – 114 млрд теңге (несие портфелінің 7,2%);

– «ForteBank» АҚ – 109 млрд теңге (несие портфелінің 3,6%);

– «Alatau City Bank» АҚ – 93,5 млрд теңге (несие портфелінің 7,6%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді «Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,5%.

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: «БиЭнКей» коммерциялық банкі» АҚ (8,2%); «Alatau City Bank» АҚ (7,6%); «Bereke Bank АҚ (Lesha Bank LLC (Public) ЕБ)» (7,2%) және «Home Credit Bank» АҚ (6,8%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz

материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
Корпоративтік даму департаменті дайындады